

## Бестау ауылы көшелеріне атау беру және атауларын өзгерту туралы

Ақтөбе облысы Қобда ауданы Бестау ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 8 шілдедегі № 3 шешімі. Ақтөбе облысы Қобда аудандық Әділет басқармасында 2011 жылғы 8 тамызда № 3-7-114 тіркелді.

Ескерту. Шешімнің орыс тілдегі атауында және бүкіл мәтін бойынша "аульного", "аула" деген сөздер тиісінше "сельского", "села" деген сөздерімен ауыстырылды - Ақтөбе облысы Қобда ауданы Бестау ауылдық округі әкімінің 12.12.2014 № 5 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Деректемелерінде орыс тілінде өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді - Ақтөбе облысы Қобда ауданы Бестау ауылдық округі әкімінің 06.03.2017 № 2 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік- аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес және Бестау ауылдық округі тұрғындары конференциясының 2011 жылғы 27 мамырдағы № 2 хаттамасы негізінде, Қобда ауданының Бестау ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – Ақтөбе облысы Қобда ауданы Бестау ауылдық округі әкімінің 06.03.2017 № 2 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Бестау ауылының көшелеріне төмендегі атаулар берілсін:

- 1) Әліби Жангелдин көшесі;
- 2) Мұхтар Әуезов көшесі;
- 3) Виктор Пацаев көшесі.

2. Бестау ауылының келесі көшелерінің атауы өзгертілсін:

- 1) Октябрьская көшесі – Жастар көшесі;
- 2) Ленина көшесі – Астана көшесі;
- 3) Белогорская көшесі – Достық көшесі;
- 4) Степная көшесі – Бірлік көшесі;
- 5) Восточная көшесі – Шығыс көшесі;
- 6) Западная көшесі – Батыс көшесі;
- 7) Школьная көшесі – Мектеп көшесі;

8) Юбилейная көшесі –Мерейтой көшесі.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округінің әкімі*

*О. Бойченко*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК